

**«8D05105 – Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сандыбаева
Сандугаш Қалжанқызының «Биологиялық белсенді қоспаларды алу үшін маңызды пигменттерді өндіргіш цианобактериялардың
потенциалды штамдарын боліп алу және скрининг жүргізу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына реесми**

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарга сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негізде (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы тағам биотехнологиясы және микробиология саласындағы өзекті мәселелерді шешуғе бағытталған. Қазақстан Республикасының ғылымды дамытудың басым бағыттарына, атап айтқанда “Табиги ресурстар, оның ішінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, экология” және “Өмір мен денсаулық туралы ғылым” салаларына тікелей сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу жұмысы 2022-2024 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Биология және биотехнология факультетінің «Фотобиотехнология» лабораториясында (AlgaBioTech ғылыми зерттеу оргалығы) AP14870171 «Фототрофты микроорганизмдердің биологиялық белсенді заттарының негізінде жаңа отандық биопрепараттар жасау» ғылыми жоба шенберінде орындалған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы әдеби шолу бөлімінде

			толық ашылған. Атап айтқанда, экологиялық таза, биологиялық белсенді табиги қосылыстарды (пигменттерді) өндірге қабілетті фототрофты микроорганизмдер – цианобактериялар штамдарын бөліп алу, сипаттау және олардың биотехнологиялық потенциалын тағамдық және медициналық мақсатта пайдалану мүмкіндігін зерттейді. Зерттеу тақырыбы өзекті, ейткені ол маңызды ғылыми және әлеуметтік мәселені шешуге ықпал етеді және жаңа іргелі білім алуға, әрі оның практикалық қолдануына мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейіне «жоғары» баға беруге болады. Автор зерттеу жұмысында Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы елді мекенінің термалды су көздерінен цианобактериялардың жаңа аксеникалық штамдарын бөліп алып, олардың морфологиялық, физиологиялық және биохимиялық қасиеттері бойынша скрининг жүргізген. Белсенді штамдарының клеткалық пигменттік құрамына сапалық және сандық талдау, сонымен қатар маңызды пигменттердің биологиялық белсенділігін бағалау жұмыстары жүргізілген. Мақаларды жазу бірлескен авторлармен жүргізілген, ал автордың жеке үлесі негізгі болыш табылады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:	

	<p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертация жұмысының өзектілігі толықтай негізделген. Зерттеу жұмысы Қазақстанның термальды және экстремалды экожүйелерінде тіршілік ететін цианобактериялардың штаммдық құрамын жүйелі түрде зерттеу, олардың өнімділік және биологиялық белсенділік көрсеткіштері бойынша жаңа отандық биотехнологиялық штаммдарды анықтап, оларды өндірістік мақсатта қолдану мүмкіндігін бағалауға бағытталған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеудің құрылымы мен мазмұны диссертация тақырыбының аясында қойылған мақсат пен міндеттерге сай логикалық реттілікпен үйімдастырылған. Эр бөлімде эксперименттік нәтижелер мен оларды талдау арқылы диссертациялық жұмыстыңғы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы толық сипатталып, тақырыпты ашуга улес қосады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен оған қойылған міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұнымен және ғылыми бағыттымен толық үйлеседі. Жұмыстың негізгі мақсаты – цианобактериялардың жаңа штамдарын термальды су көздерінен бөліп алу және идентификациялау, олардың биомассасынан</p>

		<p>пигменттерді алу үшін морфологиялық, физиологиялық және биохимиялық қасиеттерін зерттеу. Аталған мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер зерттеу логикасына сай құрылып, диссертациялық жұмыстың құрылымдық және мазмұндық үйлесімділігін қамтамасыз етеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен құрылышы арасындағы байланыс логикалық түрғыдан дұрыс үйымдастырылған. Әрбір бөлім жалпы мақсат пен міндеттерді кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бағытталған және ғылыми зерттеудің бірізділігін қамтамасыз етеді. Кіріспе бөлімінде зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері мен ғылыми жаңалығы нақты тұжырымдалған. Әдеби шолу бөлімінде цианобактериялардың таралуы, алуантүрлілігі және биотехнологиялық қолданылуы бойынша қазіргі кездегі ғылыми жетістіктер мен мәселелер жанжақты қарастырылған. Материалдар мен әдістер бөлімінде қолданылған әдістемелер толық сипатталған және зерттеу нәтижелеріне сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері мен олардың талдауы нақты деректерге негізделген. Қорытынды бөлімде негізгі нәтижелер жинақталып, ғылыми-практикалық маңызы көрсетілген.</p>

	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінara жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер нақты дәлелдермен негізделіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Мысалы, жаңадан бөлінген цианобактерия штамдарының клеткасында биоактивті заттардың жинақталуы бойынша скрининг нәтижесінде жоғары белок мөлшері <i>Oscillatoria subbrevis</i> CZS 2201 (51,2%), <i>Phormidium ambiguum</i> CZS 2205 (48,5%) және <i>Nostoc calcicola</i> TSZ 2203 (44,7%) штамдарында анықталды. Цианобактериялардың жалпы липид мөлшері 14,2%-дан 22,1%-га дейінгі аралықта болды. Май қышқылдары бойынша а-линолен қышқылының ең жоғары деңгейі <i>Synechococcus</i> sp. CZS 2204 жасушаларында байқалды (23,94%), ал эйкозапентаен қышқылының ең жақсы продукті <i>Nostoc calcicola</i> TSZ 2203 болды (19,17 мг/г). Алынған нәтижелер сынни талқылаудармен негізделген, бұрыннан белгілі ғылыми шешімдермен салыстырылып, цианобактерия штамдарының биохимиялық кұрамы бойынша тиімділігі мен артықшылықтары нақты мысалдармен көрсетілген. Бұл салыстыру автордың ғылыми жаңалығын, зерттеу тәсілінің ерекшелігі мен практикалық маңызын айқындауга мүмкіндік береді.</p>
--	---	--

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25%-дан кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар толығымен жаңа болып табылады. Автор алғаш рет Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы елді мекені ыстық су көздеріндегі фототрофты микроорганизмдердің альгологиялық құрамы мен алуантүрлілігін зерттеген. Сонымен қатар, лабораториялық зерттеулер негізінде бірінші рет <i>Oscillatoria subbrevis</i> CZS 2201 цианобактерия биомассасынан тазалығы кемінде 93% болатын гликозилденген каротиноид – миксоксантофилл пигменті бөліп алынған. Зерттеудің кейбір бөлімдері бұрынғы ғылыми зерттеулерге негізделгенімен, олардың ішінде автор ұсынған жаңа тәсілдер мен әдістемелер зерттеу саласына өзіндік үлес қосады. Жаңалық сипатындағы нәтижелер ғылыми түрғыда негізделген, заманауи зерттеу әдістерімен алынған және қолданбалы маңыздылығы бар.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінәра жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары микробиологиялық, альгологиялық, биотехнологиялық, молекулалық-генетикалық, физика-химиялық және статистикалық әдістер негізінде алынған және толықтай жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған техникалық, технологиялық және биотехнологиялық шешімдер жаңа</p>

		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>әрі ғылыми түрғыдан негізделген. Автор термофильді цианобактериялардың жаңа штамдарын бөліп алғаш, оларды тиімді культивирлеу шарттарын анықтау арқылы пигмент өнімділігін арттыру әдістерін ұсынады. Сондай-ақ, <i>Oscillatoria subbrevis</i> CZS 2201 биомассасынан гликозилденген каротиноид – миксоксантофилл алу бойынша лабораториялық регламент әзірленген. Сонымен қатар, биомасса мен биологиялық белсенді қосылыстарды өндірудің тиімділігі мен шығындарын азайту жолдары ұсынылған, бұл экономикалық жағынан да негізді шешімдер болып табылады. Мұндай тәсілдер болашақта пигменттер мен тағамдық қоспаларды коммерциялық мақсатта өндіруге жол ашады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан жан-жақты дәлелденген. Әрбір қорытынды нақты эксперименттік деректерге, микробиологиялық, биохимиялық, молекулалық және спектрофотометриялық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып жасалған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер қазіргі ғылыми әдебиеттегі мәліметтермен салыстырылып, олардың жаңалығы мен ерекшелігі талданған. Сонымен</p>

			қатар, қорытындылар статистикалық өндеуден өткізіліп, дисперсиялық талдау, корреляциялық байланыстар және сенімділік интервалдары арқылы негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әрбір қағидат бойынша келесі сұраптарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда қағидаттың дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда қағидаттың тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда қағидаттың жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) оргаша; 3) кең 4) бұл тұжырымда қағидаттың қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Диссертацияда әрбір ғылыми нәтиже мен қағидат тиісті деректермен, әдеби дереккөздермен және эксперименттік мәліметтермен негізделген. Зерттеу нәтижелері тривиалды емес, бұрынғы ғылыми жетістіктермен салыстырғанда жаңа әрі күрделі әдістемелік тәсілдерге негізделген. Диссертацияны қорғауға шығарылған қағидаттар жаңа. Атап айтқанда, бұл зерттеу жұмысында алғаш рет Қазақстандағы термалды су көздерінен бөлінген штамдар сипатталып, олардың морфологиялық және пигменттік ерекшеліктері сипатталып, иммуномодуляциялық әсері анықталған. Алынған нәтижелердің қолдану деңгейі кең, әсіресе тағам, фармацевтика және ауыл шаруашылығы салаларында қолдануға жарамды, сонымен қатар болашақта коммерциялық мақсатта пайдалануға жол ашады. Диссертация нәтижелері 19 басылып шықкан жұмыстарда көрсетілген, олардың ішінде: 5 мақала – ҚР білім және ғылым саласын бақылау бойынша Комитет тізіміндегі</p>

		3) бұл тұжырымда мақаладағы қагидаттың дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	респубикалық гылыми журналдарда, Web of Science және Scopus деректер базаларында рецензияланатын Q1 журналда – 2 гылими мақалалар және Q2 журналда – 1 шолу, сонымен қатар халықаралық конференцияларда 1 мақала және 10 тезис жарияланған, бұл оның сенімділігін раставиды.
8.	Дәйектілік қагидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жок.	Диссертациялық жұмыста зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін әдіснамалық тәсілдер накты әрі гылыми тұргыдан негізделіп тандалған. Цианобактерияларды бөліп алу және скрининг жүргізу барысында микробиологиялық, альгологиялық, физиологиялық, биохимиялық, сондай-ақ микроскопиялық (жарық және электронды микроскопия), хроматографиялық және спектрофотометриялық әдістер кеңінен қолданылған. Сонымен қатар, штаммдардың биотехнологиялық потенциалын анықтау үшін өсіру жағдайларын онтайландыру (жарық карқындылығы, температура, pH және коректік орталар), пигменттік кұрамын зерттеу, иммуномодуляторлық белсенеділікке <i>in vitro</i> талдаулар жүргізілген. Барлық қолданылған әдістемелердің сипаттамалары жұмыстың тиісті бөлімінде нақты көрсетілген және халықаралық деңгейдегі гылыми стандарттарға сай келеді.

	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Диссертациялық жұмыс нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерін қолдану арқылы алынған, атап айтқанда компьютерлік технологиялар, дисперсиялық талдау (ANOVA) және деректердің өндеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістемелері кеңінен пайдаланылған.</p>
	<p>1) ия; 2) жок.</p>	
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жасалған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен биологиялық заңдылықтар кешенді эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, ғылыми негізде расталған. Атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Цианобактерия штаммдарының морфологиялық, физиологиялық және биохимиялық ерекшеліктері олардың тіршілік ету оргасына бейімделу механизмдерімен өзара байланыста қарастырылып, зертхана жағдайында қайта тексерілген; - Пигменттік өнімділік, атап айтқанда хлорофилл, каротиноидтар мен фикобилипротеиндердің жинақталуы өсірілу жағдайларының өзгерістеріне (жарық қарқындылығы, температура, pH) тәуелді екендігі тәжірибелі жолмен дәлелденген.
	<p>1) ия; 2) жок.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге негізделіп, тиісті сілтемелермен расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті және мазмұнды болып табылады. Жұмыста 270-тен астам отандық және шетелдік заманауи ғылыми еңбектерге, соның ішінде Web of Science, Scopus, Springer, Elsevier сияқты беделді ғылыми платформаларда жарияланған мақалаларға сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жок.	Диссертацияның айтарлықтай теориялық маңызы бар. Зерттеу барысында фототрофты микроорганизмдердін, атап айтқанда термофильді цианобактериялардың жаңа штамдарын бөліп алу, морфофизиологиялық және биохимиялық қасиеттерін жанжақты зерттеу арқылы биологиялық белсенді қосылыстардың жинақталу зандылықтары теориялық түрғыда негізделген. Бұл мәліметтер микробиология мен биотехнология ғылымының іргелі негізін кеңейтуге ықпал етеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары: 1) ия; 2) жок.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары болып табылады. Зерттеу нәтижесінде бөлініп жаңадан бөлініп алынған цианобактерия штамдары биотехнологиялық мәселелерді шешуде қолдану үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің фототрофты

		<p>микроорганизмдер коллекциясына енгізілген. Сонымен қатар, олардың биомассасынан алынған экстрактілердің биологиялық белсенділігі тәжірибелік жолмен дәлелденіп, оларды тагам өнеркәсібінде биологиялық белсенді қоспа немесе табиги бояғыш ретінде қолдануға болатыны көрсетілген.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Практикалық ұсыныстардың бір бөлігі бұрынғы зерттеулерге сүйенсе де, зерттеу объектілері ретінде жаңадан бөлініп алынған штамдарды алуы және олардың биологиялық белсенді пигменттер өндіруші ретінде потенциалын сипаттау ұсыныстарды толығымен жаңа етеді. Сонымен қатар, миксоксантофилл сияқты сирек кездесетін пигменттерді бөліп алу бойынша әзірленген лабораториялық регламент жұмыстың жаңашылдығын негіздейді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p> <p>Диссертациялық жұмыста академиялық жазу талаптары жоғары деңгейде сақталған. Мәтіндеғылыми терминдер орынды қолданылып, зерттеу әдістері мен нәтижелері нақты әрі жүйелі түрде баяндалған. Әдеби шолу мен алынған нәтижелер арасындағы байланыс анық көрініс тапқан. Әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.</p>

11.	Диссертацияга ескертулер		<p>1. Жұмыстың 6, 34 және 43 беттерінде орфографиялық қателіктер кездеседі.</p> <p>2. Диссертациялық жұмыстың 49 және 81 беттерінде орысша сөздер кездеседі, м: гранульденбекен, термостабильді....</p> <p>3. Зерттеу жұмысында отандық галымдардың жұмысына неліктен сілтемелер өте аз берілген?</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қоргалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Ізденушінің мақалалары Scopus және Web of Science базаларында индекстелетін жоғары импакт-факторлы журналдарда жарияланған (Web of Science және Scopus деректер базаларында рецензияланатын Q1 журналда – 2 ғылыми мақалалар және Q2 журналда – 1 шолу, КР білім және ғылым саласын бақылау бойынша Комитет тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарда – 5 мақала), бұл зерттеулердің халықаралық деңгейде мойындалғанын көрсетеді. Сонымен қатар, отандық ғылыми басылымдар мен халықаралық конференцияларда (1 мақала және 10 тезис) жарық көрген материалдар зерттеу нәтижелерінің кең аудиторияга ұсынылғанын және ғылыми қоғамдастықпен сындарлы талқыланғанын айғақтайды. Жарияланған әр мақалада жана ғылыми деректер ұсынылып, олар бұрынғы зерттеулермен салыстырмалы түрде талданған,</p>

			ғылыми жаңалығы нақты көрсетілген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

Ресми рецензент:

ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК,
Микология және альгология зертханасының аға ғылыми қызметкері, PhD

А.К. Джисенбеков

